# «Жансая-Нұрсая»

## бөбекжай балабақшасының

2023- 2024 жылғы

# Өндірістік хаттамалары

ЖШС «Жансая-Нұрсая» бөбекжай балабақшасы

Өндірістік кеңесінің

Ырысты ауылы Хаттамасы №1 31.08.2024ж

Қатысқандар-12

**Күнтәртібі:**

1.Жаңа оқу жылының міндеттемесімен таныстыру, бекіту.
2.Жазғы сауықтыру шараларының қорытындысы
3. Қызметкерлердің ішкі тәртібі
4. Өз білімін көтеру бойынша ұсыныстар

**Қаралды:**

1. **Бірінші** мәселе бойынша балабақша меңгерушісі: Г.Есенбаева 2023-2024оқу жылына арналған міндеттемесімен таныстырды. Ол бойынша «Шығармашылық» және «Денсаулық» білім беру салаларына баса назар аударылғанын айтты. Яғни, «Шығармашылық» білім беру саласы бойынша, мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін театрландырылған әдістерді ұйымдастыру, тілдік және көркемдік дамуына ықпал етуді, «Денсаулық» білім беру саласы бойынша, мектеп жасына дейінгі балалардың сауықтыру-шынықтыру негізін нығайту міндеттемесінің нақтыланғанын айтты.
2. **Екінші** мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі: Г.Есенбаева жазғы сауықтыру шараларының қорытындысын баяндады. Яғни, ұйымдастырылған оқу қызметінің жеңілдетілеген формадағы сауықтыру шараларының жоспарға сәйкес ұйымдастырылып, қадағаланғанын айтты.
3. **Үшінші** мәселе бойыша, шаруашылық меңгерушісі: К.Қиясова қызметкерлердің ішкі тәртібімен таныстырды
4. **Төртінші** мәселе бойынша, «Өз білімін көтеру» бағытында жалпы педагогтарға берілген тақырыптың 3 жыл көлемінде жүзеге асатынын айтты. Яғни, жаңадан келген педагогтарға жаңа тақырып еріп, ал тақырып алған педагогтар өз бетінше жұмыстарының жоспарға сәйкес жүргізіліп жатқанын айтты.

**ЖШС «Жансая-Нұрсая» бөбекжай-балабақшасы**

**Өндірістік кеңесінің**

Ырысты ауылы **Хаттамасы №2** 31.10.2023ж

Қатысқандар: 12

**Күн тәртібі:**

Білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған бағдарламасын талдау.

**Қаралды:**

Білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған бағдарламасына талдау жасалынды. Бағдарлама барысында

- Үкіметке 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі жалақыны 1,5 есе, яғни 30 мыңнан 42 мыңға дейін өсіруді тапсырды. Бюджеттік мекемелерде жұмыс істейтін 275 мың қызметкердің еңбекақысы көбейіп, орта есеппен 100 пайызға өсетінін айтқан.

Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбие мен оқытуды дамыту моделіне талдаулар жасалынды.

- Әл-ауқатымыздың екінші бір сипаты – өмір сүру деңгейінің артуы.

1) 5 жыл ішінде білім, ғылым, денсаулық сақтау шараларына барлық көздерден жұмсалатын қаражатты ішкі жалпы өнімнің 10 пайызына дейін жеткізу қажет.

2) Мектепке дейінгі білім беру сапасын түбегейлі жақсарту керек.

- Ұлт саулығы – мемлекеттің басты басымдығы. Бұл – қазақстандықтар сапалы азық-түлікті пайдалануға тиіс деген сөз. Үкіметке шаралар қабылдауды және осы жұмысты ретке келтіруді тапсырды.

- Сыбайлас жемқорлықпен белсенді күрес жалғасатын болсын деген.

. Мектепке дейінгі білім беру сапасын түбегейлі жақсарту керектігін, ойлау, ақыл-ой мен шығармашылық қабілеттер, жаңа дағдылар сонау бала кезден қалыптасуы керек екендігін айтты.

**Шешімі:**

- Мектепке дейінгі білім беру сапасы түбегейлі жақсартылсын.

**Балабақша меңгерушісі:** Г.Н.Есенбаева

**Хатшы:** П.Т.Талипова

ЖШС «Жансая-Нұрсая» бөбекжай-балабақшасы

Өндірістік кеңесінің

Ырысты ауылы Хаттамасы №3 13.02.2024ж

Қатысқандар: 16

**Күн тәртібі:**

1. Педагогтардың жарты жылдық есебі
2. «Денсаулық – табиғат берген сый» медбике

**Қаралды:**

**Бірінші** мәселе бойынша балабақша меңгерушісі:Г.Есенбаева сөз сөйлеп, №2 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы туралы айтты. Педагогтардың 2023-2024 оқу жылындағы жарты жылдық есебі тыңдалды. Онда педагогтар 2023 жылдың қыркүйек айынан бастап 2024 жылдың ақпан айына дейінгі аралықта өткен ашық ұйымдастырылған оқу қызметі мен ертеңгіліктеріне, ата-аналар жиналысы мен топтағы бала санының мәліметтеріне тоқталды.

**Екінші** мәселе бойынша, балабақша медбикесі Н.Алтынбекова«Денсаулық – табиғат берген сый» тақырыбында баяндама оқыды. Онда қазіргі таңда өршіп тұрған «Қызылша» жұқпасы туралы төмендегідей мағлұмат берді:

**Қызылша мен қызамық**– біріне бірі өте ұқсас жұқпалар. Екеуінің де қоздырғышы вирус. Ауру ауа арқылы жұғады. Екеуіне тән негізгі белгі – денеде бөртпелердің пайда болуы.

**Қызылша.** Вирус адам ағзасына тыныс алу жолдары арқылы енеді, онда көбейіп, қанға енеді. Қан арқылы әртүрлі ағза мүшелеріне тарап, тамақ безін, бауырды, өкпені, жілік маыйн зақымдайды.

**Қызылша қалай өтеді?**Тұмау ауруларына ұқсайтын белгілерден басталады (дене қызуының көтерілуі. Жөтел, көздің жасаурауы, мұрынның ылғалдануы). Бұл жағдай 2-3 күнге созылады, содан соң денеде анық қызық бірігетін бөртпелер пайда болады, бастапқыда бетте, құлақтың артында, сонан соң барлық денеге тарайды. Ауру айналасындағылар үшін денесіне бөртпелер пайда болғанда дейін 4 күн, пайда болғаннаң кейін 4 күн ішінде залалды болып саналады.

**Қызылшаның қауіпті неде?**Қызылша асқынуларымен қауіпті, олар - ортаңғы құлақтың, өкпенің, кеңірдектің, бронхоның, ми қабықтарының қабынуы. Кез келген асқанудан ауру өліп кетуі мүмкін.

**Қызылшаны қалай емдейді?** Қызылшаны да кез келген вирусты жұқпа секілді емдеу қиынға соғады. Қызылшаның арна йы емдеу препараты жоқ. Антибиотиктерді тек оның асқаруларын емдеуге пайдаланады. Науқасқа витаминдерге бай тағамдар (көкөністер, жемістер, шырындар), көп мөлшерде сұйықтық ішу қажет.

**Үшінші** мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі: С.Тукирбаева ұжым мүшелерін жағымды күйге түсіріп, сергіту мақсатында «Менің өмірлік жолым» тақырыбында психологиялық тренинг жүргізді.Бұл қиял ғажайып тест арқылы ұжым мүшелері өз өмірлеріне бір сәт басқаша көзбен қарауға мүмкіндік алды. Әрбір педагогқа берілген тапсырманың жауабы бойынша: 1-тапсырмадағы егін алқабы – ол өмірлік жолы, жол – бұл өмірлік жолы, жауын – басқаның сіз туралы айтқан пікіріне көзқарасы, мысық – жалпы әйез заты туралы пікірі, қасқыр – ер азамат туралы пікірі, су немесе от – отбасындағы рөлі. Осы бойынша педагогтардың өз өмірлеріне деген көзқарасы анықталды.

**Шешімі:**

- 2023-2024 оқу жылындағы педагогтардың жарты жылдық есебі қанағаттанарлық деп есептелінсін.
- Балалардан қызылшаға қарсы вакцинаны алуды қадағалау медбикеге жүктелсін.
- Педагог тренингтің қорытындысын жасап, тәрбиешілермен жұмыс жүргізсін.

**Балабақша меңгерушісі:** **Г.Есенбаева**

**Хатшы:** **С.Астанаева**